



**АСТАНА АКШАМЫ**

## **2017: ойда жүрер оқиғалар**

**Артта қалған 2016 жылдың айшықты оқиғаларының бірі – «Алаш» партиясының көсемі Әлихан Бекейханның ЮНЕСКО аясында атап өтілген 150 жылдық мерейтойы болды. Бір айта кетерлігі, бұдан бұрын Астанада Әлиханның атында шағын көше болса, өткен күзде оған елордасында даңғыл берілді.**



## **АЛАШ АВТОНОМИЯСЫНА – 100 ЖЫЛ**

Табалдырығымыздан аттаған жылы да Әлиханды әспеттеу тоқтамауға тиіс. Себебі, биыл ол үкіметінің төрағасы болған Алаш автономиясының құрылғанына 100 жыл толады. Ал жеке адамдарға келсек, биыл қазақ мәдениетін, әдебиетін, өнерін түлеткен тұлғалардың мерейтойларына бай жыл.

Тауық жылында ұлттымыздың занғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің 120 жылдығы. Ал оның «Енлік-Кебек» пьесасының киіз үй саҳнасында қойылғанына да тұра бір ғасырдың жүзі болды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының халық әртісі, КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хадиша Бекееваның, композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері Бақытжан Байқадамовтың, мемлекет қайраткері Бәйкен Әшімовтің, тарихшы, этнограф Жағда Бабалықұлының, Қазақстан Республикасының халық әртісі, «Гүлдер» ансамблі мен Қазақ циркінің негізін қалаушы Гүлжинан Фалиеваның, дін және қоғам қайраткері, түркітанушы ғалым, жазушы, аудармашы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Халифа Алтайдың, кескіндемеші, киносуретші, Қазақстан Республикасының халық суретшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, қазақ әйелдері

арасынан шыққан тұңғыш кесіпқой суретші Айша Ғалымбаеваның ғасырлық мерейтойлары да осы жылдың еншісінде.



## ТОҚСАНҒА ТОЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Мұсілім Базарбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов сынды қазақ әдебиеттандырылғанының қара нарлары биыл тірі болғанда тоқсан жастың төріне шығушы еді. Олардың құрдастарының қатарында көзі тірі академиктер Серік Қирабаев пен Сұлтан Сартаев есімдерін де атауға болады. Ұлттық музика өнерінде өшпес із қалдырыған тұлғалар – күйші-композитор, ҚазКСР халық әртісі, ҚазКСР еңбек сінірген әртісі, күй тәнірісі – Тәттімбеттің дәстүрін жалғастыруши Мағауия Хамзин, музыкатанушы, композитор Болат Сарыбаев, КСРО және Қазақстан Республикасының халық әртістері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары Шамғон Қажығалиев пен Фазиза Жұбанова, өзге салаларды алсақ, мемлекет және қоғам қайраткерлері Сағидолла Құбашев, ғалым, геология-минералология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Шаһмардан Есенов осы жылды тоқсан жасқа толушы еді.

## СЕКСЕННИҢ СЕҢГІРІНДЕГІ САНЛАҚТАР

Биыл сексен жастың сенгіріне шығатын тұлғалар да көп. Олардың кейбіреулері Құдайға шүкір, ортамызда, ал біразын еске алғаннан, аттарын ұмыттырмай, мерейтойларын тиісті деңгейде атап өткеннен басқа амалымыз жок. Мәселен, тұра бүгін әнші, Қазақстан Республикасының халық әртісі Нұрғали Нұсіпжанов 80 жылдық мерейтойына орай құттықтауларды қабылдайды. Сәл кейінірек, мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков, жеңіл атлетикадан КСРО еңбек сінірген спорт шебері, атақты желаяқ Әмин Тұяков, режиссер, Қазақстан Республикасының халық әртісі Маман Байсеркенов, Кино және театр әртісі, режиссер, ҚазКСР және КСРО халық әртісі, Қазақстан Республикасының халық әртісі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы мен тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты Асанәлі Әшімов сексен жасқа толады.

Өмірден ерте кеткен ақындар Төлеген Айбергенов, Мендекеш Сатыбалдиев, Жүсіп Қыдыров, Сабырхан Асанов, жазушы Құрал Тоқмырзин, опера және эстрада әншісі, театр солисі, Қазақстан Республикасының халық әртісі Зейнеп Қойшыбаева тірі болғанда сексенниң сенгіріне шығатын еді.

## ЖЕТПІСТІҢ ЖОТАСЫНА ЖЕТПЕДІ

Осы қаңтар айында белгілі театр сыншысы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнер қайраткері Әшірбек Сығай мен ақын Дәуітәлі Стамбековті өкінішпен еске аламыз. Егер олар арамызда жүргенде жетпістің жотасына көтерілер еді. Сонымен қатар мамыр айында әдебиет сыншысы, жазушы Сағат Әшімбаев, «Тамашаның» тарландарының бірі, Қазақстан Республикасының халық әртісі Құдайберген Сұлтанбаев, желтоқсанда балет әртісі, балетмейстер, КСРО және ҚазКСР халық әртісі, ҚазКСР еңбек сінірген әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рамазан Бапов осы жасқа толушы еді. Өзге мерейтойларға келсек, режиссер, драматург, қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушы Жұмат Шаниннің 125 жылдық, есімі жаңғырып жатқан күйші Аққызы (Мұғілсім) Ахметқызының 120 жылдық мерейтойлары Тауық жылына түсіп тұр.

Әрине, биылғы ел көлеміндегі үлкен оқиға, бұл – жазда Астанада ашылатын «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі болмақ. Осы айдың аяғында Алматыда бастау алатын 28 – Бүкіләлемдік қыскы Универсиада да осы жылдың айшықты оқигаларының бірі. Түйіндең айтқанда, Тауық жылында халқымызды талай қызықтар күтіп тұр. Тек жылдан аман, айдан есен болайық, ағайын!



**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**